| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Аширбаевна | | | |

# Жер учаскелерін және жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иесіздендіруді бастау туралы

2025 жылғы 24 желтоқсан № 1896

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 18-бабы 2) тармақшасына, 84, 85-баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 6-тарауына, «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметтік хатына сәйкес, Петропавл қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бюджет қаражаты есебінен, аумақты абаттандыру мақсатында, осы қаулының қосымшасына сәйкес жер учаскелері мен жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару және оларда орналасқан құрылыстарды бұзу басталсын.

2. Мәжбүрлеп иесіздендіру мерзімі 2026 жылғы 1 желтоқсанға дейін деп белгіленсін.

3. «Петропавл қаласы әкімдігінің Ішкі саясат бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулыны қабылдаған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

4. «Петропавл қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі алынатын жер учаскелеріне, «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі - құрылысқа құқығын белгілейтін құжаттардың болуын анықтасын.

5. Осы қаулыны орындау бойынша іс-шараларды өткізу және қаржыландыру «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелсін.

6. «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

- меншік иелеріне жер учаскелерін және жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иесіздендіру туралы жазбаша хабарламалар жолдасын;
- жер учаскелеріне немесе өзге де жылжымайтын мүлікке заңды талаптарды тіркесін;
- алуға жататын жер учаскелері мен жылжымайтын мүлікті бағалауды жүзеге асырсын және жер учаскелері мен жылжымайтын мүліктің меншік иелерімен келісу рәсімдерін жүргізсін;
- меншік иелеріне жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті сатып алу туралы шарттардың жобаларын жолдасын;
- шарттардың жобаларын қалалық мәслихаттың тұрақты комиссиясымен келісін және меншік иелерімен шарттар жасасын;
- меншік иелерінің алынатын жер учаскелері мен құрылыстарына меншік құқығын тоқтатуды және «Петропавл қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне меншік құқығының туындауын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырсын;
- меншік иелерінің өтініштері бойынша ақшалай өтемақы төлеуді немесе жайлы тұрғын үй беруді қамтамасыз етсін;
- алынатын жер учаскелері мен құрылыстардың орнына берілетін жайлы тұрғын үйді тіркеуші органдарда тіркеуді жүргізсін.

7. Қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін мәселелер бойынша қала әкімінің орынбасарына жүктелсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**С. МҰХАМЕДИЕВ,**
Петропавл қаласының әкімі.

**Петропавл қаласы әкімдігінің 2025 жылғы «24» желтоқсандағы № 1896 қаулысына қосымша**

## Мемлекет мұқтажы үшін алу рәсімі басталған жер учаскелерінің тізімі

| № | Кадастрлық нөмірі | Учаске иесі | Учаскенің ауданы (га) | Учаскенің орналасқан жері | Нысаналы мақсаты |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | 15-234-151-981 | Коваленко Елена Владимировна | 0,1 | Қазбек Баболов атындағы көшесі, 7 үй | жеке тұрғын үй салу үшін |

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Петропавл қаласының әкімдігі «Орман қоры жерлерінің санатын елді мекендердің жерлері санатына ауыстыру жөніндегі материалдар» жобасы бойынша қоғамдық талқылаулар түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Жиырма жұмыс күн ішінде ескертулер мен ұсыныстар беру үшін 2026 жылғы 8 қаңтардан бастап жоба Бірыңғай экологиялық порталдың https://ecoportal.kz / «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде қолжетімді болады.

ЖАО – «Петропавл қаласы әкімдігінің жер қатынастары болімі» КММ, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы., Қазақстан Конституциясы к., 23, тел.: 8-(7152)-46-02-06, 8-(7152)-46-79-45.

| | | | |
|---|---|---|---|
| 7 | «Интегро ақпараттық салалық шешімдер орталығы» ЖШС директоры | дейін | мәжіліс залы |
| 8 | Бердағұлов Арман Сағатұлы, қалалық мәслихат төрағасы | 13.01.2026ж. 11:00-ден 13:00-ге дейін | «AMANAT» партиясының СҚОФ мәжіліс залы |
| 9 | Сәбитов Сәлімхан Жанатұлы, «AMANAT» партиясы Солтүстік Қазақстан облыстық филиалының саяси жұмыс бөлімінің консультанты | 26.01.2026ж. 11:00-ден 13:00-ге дейін | «AMANAT» партиясының СҚОФ мәжіліс залы |
| 10 | Бацанов Юрий Геннадьевич, «Апаттық қызмет» ӨК бас директоры | 22.01.2026ж. 15:00-ден 18:00-ге дейін | Ульянов к., 52 «Апаттық қызмет» ӨК |
| 11 | Тимофеев Сергей Петрович, «Основание» ЖШС директоры | 14.01.2026ж. 11:00-ден 13:00-ге дейін | «AMANAT» партиясының СҚОФ мәжіліс залы |
| 12 | Саутов Арман Хасанұлы, «Қазсушар» ШЖҚ РМК «Есіл су» филиалы өндірістік-техникалық бөлімінің бастығы | 30.01.2026ж. 11:00-ден 13:00-ге дейін | «AMANAT» партиясының СҚОФ мәжіліс залы |
| 13 | Новиков Николай Алексеевич, «№ 1 қалалық емхана» ШЖҚ КМК директоры | 09.01.2026ж. 16:00-ден 18:00 дейін | Алтынсарин к., 166, 405 каб., «Қазақстан халық партиясы» ҚБ кеңесі |
| 14 | Семидоцких Елена Александровна, «Семидоцких Е.А.» ЖК директоры | 12.01.2026ж. 15:00-ден 17:00-ге дейін | «AMANAT» партиясының СҚОФ мәжіліс залы |
| 15 | Афанасьев Павел Васильевич, М. Қозыбаев атындағы СҚУ аға оқытушысы | 16.01.2026ж. 10:00-ден 12:00-ге дейін | Қазақстан Конституциясы к., 23, 319 каб., қалалық мәслихаттың мәжіліс залы |
| 16 | Евдаев Рашбиль Ильхананович, «Евдаев Р.И» ЖК басшысы | 29.01.2026ж. 11:00-ден 13:00-ге дейін | «AMANAT» партиясының СҚОФ мәжіліс залы |
| 17 | Қайыржанова Лаура Советқызы, «ҚР Президенті жанындағы СҚО бойынша Мемлекеттік басқару академиясы» РМҚК директоры | 08.01.2026ж. 11:00-ден 13:00-ге дейін | «AMANAT» партиясының СҚОФ мәжіліс залы |
| 18 | Жалмұқанова Ләззат Жұмағұлқызы, № 17 орта мектебінің директоры | 05.01.2026ж. 11:00-ден 13:00-ге дейін | № 44 орта мектеп |